

ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ

Қайырымдылықтың қайыры мол

Талдықорған қаласына жақын орналасқан Жарлыөзек деген ауыл бар. «Ауылын көріп азаматын таны» дегендей, бұл жердің адамдары көпке қайырымды, жұртқа сыйымды, бірімен бірі сыйласымды. Осылай сыр тартып отыруымның да өзіндік себебі бар. Кәсіпкер, қайырымдылығымен көптің ықыласына бөленіп жүрген, кәріс қызы Венера ХАННЫҢ адами болмысы, азаматтық істері осы айтқанымыздың ақиқатын көрсетеді.

Адам баласының қалай өсуі, нендей қадірлі жолды таңдауы және қандай адам болып ержетуі, ең алдымен, ата-ананың берген тәлімі мен тәрбиесіне тікелей қатысты. Сондықтан да: «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген нақылды өміріміздің ұстанымы етіп келеміз. Венераның әкесі Хан Афанасийұлы, шешесі Тен Лена Александрқызы да ауылдың қарапайым шаруақор адамы. Асып-тасып жатқан байлығы болмаса да, ұрпағына адал термен игілік жаратудың тәрбиесіне бай жандар. Ол осындай еңбексүйгіш отбасында ержетеді.

Қалыпты өмірде байқалмағанымен жақыннан танысаң әр адамның өмірінен қызығы мен қиындығы мол тарихы өріліп шыға келетіні анық. Біздің кейіпкеріміздің де сан тараулы тағдыры оның қажыр-қайратын шыңдап, бүгінгідей биікке шығарды. Еден жуушыдан елдің қамын жеген қайырымды жанға айналдырды. Айталық, Венера балалық, жастық шағын Жарлыөзек ауылында өткізіп, 1970 жылдардың соңында арман қуып Алматыға аттанып, алғашқы қадамын тігінші мамандығын оқумен бастайды. Оқуын бітіріп, еңбек жолын бастаған жылдары Ли Вячислав Константиновичпен танысып, отбасын құрып, Вадим, Георгий атты екі ұлды болады. Бірақ жолдасы өмірден өтіп, алматылық болып жүре беруді қаламаған ол шиеттей екі баласын алып, Жарлыөзек ауылына оралады.

Осындайда Абай дананың: «Есектің артын жусаң да пұл тап» деген тағылымды сөзі ойға оралады. Әрине, тарихтағы жетістікке жеткен адамдардың өмірін зерделеп көрсек, бәрі де алғашқы адымын креслодан бастаған жоқ. Екі баласын қолтығына қысып жүріп, қарымын талдыратын қара жұмыстың талайын істеді. Еден жуды, киім тікті, кітапханашы болды, шешесі өмірден

өткен соң әкесінің тұрмысына қарайласты. Демек, тағдыр талайына қандай жұмыс істеу тура келсе, соның бәрін таза пейіл, адал жүрек, азаматтық белсенділікпен атқарды. Ала таңнан көш батқанша тыным таппай жұмыс істеді. Одан жаман болған жоқ. Қайта сол қиын күндер оның болашаққа деген арман-мұратын шыңдады. Күндер осылай тынымсыз тырбанумен өтіп жатқан тұста Кеңес одағы ыдырап, тәуелсіз Қазақстан өз алдына бөлініп шықты. Бағдар өзгеріп, шаруашылықтар күйреп, жұмыссыздық жұрттың мазасын қашырған 1990 жылдардың басында екі баласын алып, Талдықорған қаласына келіп қоныстанады.

Еңбекпен ержетіп, құлшыныспен игілік жаратып үйренген Венера енді кәсіпкерлікпен айналыса бастады. Басында малдың терісі, қойдың жүні, темір-терсекті сатып алып, сатумен айналысты. Талдықорған қаласындағы «Қайнар» АҚБ өндірген аккумуляторларды басқа өңірлерге тасымалдап, іскерлікпен іс бастады. Нәтижесі де жаман болған жоқ. Қаржысы молайып, ауқымды жұмыс атқаруға мүмкіндік туды. Келе-келе көрші елдерге отандық өнімдерді шығарып, ол жақтан тұрғындарға керекті тұрмыстық бұйымдарды жеткізіп, шекара саудасының да көрігін қыздырды. Осы тұста екі ұлы да ержетіп, жоғары оқу орнына түсті. Үлкен ұлы Вадим әлемнің 6 тілін жетік біледі. «Болашақ» бағдарламасы бойынша Моңғоляда оқып, еліне қызмет етті. Бүгінде шешесі жолын салып берген бизнестің тізгінін ұстап жүр. Кенжесі Георгий заңгер мамандығын меңгерді. Бүгінде мұнай өңдеумен айналысатын компанияда жұмыс істейді.

2000 жылдардың басында Венера Хан Талдықорғаннан Өскеменге көшіп, сол жақтан нәсіп іздеуге кірісті. Ол кезде Өскеменде кәріс салаттарын дайындайтын жандар жоқ еді. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін күніне 3-4 сағат ұйықтап, қалған уақытын ас үйде өткізген оның қаржысы да молая түсті. Адал тердің арқасында тұтынушылары да көбейді. Оның қайсыбірін айтасың. Ең бастысы, Венера Өскемендегі кезінде адалдық және тынымсыз еңбектенген адам ғана ойлаған мақсатына жете алатындығын өзі ісімен көпке дәлелдеді.

Қос білегін талдырып бастаған кәсібі, істеген жұмысы өтелген Венера Хан бүгінде халықаралық бизнеспен айналысады. Әсіресе, Корея мемлекетімен денсаулық сақтау саласы бойынша іскерлік байланыстар орнатқан. Кейінгі жылдары «Бәрі денсаулық үшін» медициналық

орталығының Астана, Алматы, Ақтөбе қалаларындағы филиалын ашып, 300-ден аса адамды жұмыспен қамтып отыр. Арасында шетелдік мамандар да бар. Осылай қазақстандықтардың саламатты өмір салтын жақсартуға үлес қосып жүр.

Кәсіптен нәсіп тапқандар арамызда көп. Алайда кәсіпкер Венера Ханның сол әріптестерінен даралап тұратын, айрықша айта кететін бірнеше артықшылығы бар. Ең алдымен кейіпкеріміздің қазақ тіліне деген шынайы жанаушылығын өзгелерге өнеге етуге тұрарлық. Осы мақаланы дайындау барысында Венера Ханмен әңгімелескенде қазақ тіліне деген құрметін түсініп, таза да ұғынықты сөйлегенін көріп, кез келген жерде өзге тілде сөйлеуді мақтан ететін қарақөз қыздарды ойлап қынжылдым.

– Жасыратыны жоқ, қазақ жастарына қазақша сөйлесең, орыс тілінде жауап қайтарғанын көргенде ойланасың. Мектепті орысша оқыдым, жұмыс барысында сол тіл жиі қолданамын. Бірақ бала жастан ауылда қазақ халқының дарқанлығын сезініп өскендігім бұл тілді жетік меңгеруге себепші болды, – дейді.

Имандылық жайлы жиі айтамыз. Бірақ өзінің жүрек қалауымен қасиетті Исламға жан-тәнімен берілген Венераның тазалығына да тәнті болмасқа шараң жоқ.

– 1992 жылдан бастап Ислам дініне қатысты кітаптарды оқи бастадым. Жаратушы хақ екенін мойындаймын. Бірақ адами қасиетті қалыптастыру үшін қандай дінді ұстау ұлттың, тегіне қарамастан әр адамның жүрек қалауына байланысты. Ислам дінінің имандылық, тазалық, адамгершілік, қайырымдылық қағидаларына негізделгенін түсіндім. Ал 2003 жылдан бастап ораза ұстап, намазға жығылдым. 2019 және 2021 жылдары екі рет қажылыққа барып, мұсылман баласы өтеуге тиісті бес парыздың ең қастерлі бірін өтеп қайттым. Балаларымды да, немерелерімді де сүндеттеп, мұсылманшылықтың үлгісін көрсеттім, – дейді.

Жан-дүниесін имандылық нұрымен суарған Венера ауылдастарының өмірін ізгі жолға жетелеуге ұмтылды. 2017 жылы туған жері Жарлыөзек ауылынан мешіт құрылысын бастап, 2018 жылы жұрттың игілігіне берді. Аналарының асқақ үмітін ақтау үшін балалары да барын сала көмектесті. 200 орынға арналған Алланың үйі бүгінде Жарлыөзек ауылының ортасында асқақтығымен көз тартып тұр.

Жалпы, қазақ пен кәріс ұлтының салт-дәстүрінде көптеген ұқсастық бар. Үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, ата-



ананы құрметтеу, елмен етене жақын болу, жақсылыққа құштарлық, жарлы-жақыбайға көмектесу, тағы да басқа жақтарда ортақтығы көп. Венера Хан екі ұлттың осы құндылығын бойына тұмардай тағынған. Бүгінде жұма сайын жеті шөлпек пісіріп, аруақтарға құран оқыту, Наурыз мерекесінде наурыз көжені, қонақ келгенде бауырсақ пісіріп, бесбармақты да өзі дайындайды. Қазақта: «Өзі болған қыз төркінін танымай кетеді» деген тыйым сөз бар. Сондай-ақ өз ұлтының да ұлттық тағамдарын дастарқанынан үзбейді. Демек, екі ұлттың салты мен дәстүрін тең ұстағаннан ұтылған жоқ. Қайта айналасындағыларға, балалары мен келін, немерелеріне өнегесімен үлгі көрсетіп келеді.

Арамызда жұртқа тырнақтай жақсылық жасаса, мақтанышпен айтып жүретін адамдар бар. Бірақ Венера Хан осы күнге дейін жетімдерді жөбеп, мүгедек жандарға қолдау танытып, жетіспей жатқан отбасыларға жәрдемдесіп, жөбеп жүргенін бірде-бір рет айтып, мақтанбайды да.

– Әр күні таңертең оянып, телефонымды қосқанда көмек сұраған адамдардың өтініші ватсап желісінде толып қалады. Бәріне көмектескің келеді. Арасында еңбекке құлықсыз, басқаның көмегіне сүйеніп күнелтуді әдетке айналдырғандар да бар. Қайырымдылық жасаудан ешқашан қашқан емеспін. Өйткені, қайырымдылықтың қайыры көп болады, – дейді Венера.

Абай атамыз: «...Бірі ішсем, жесемнің өмірі, енді бірі нағыз өмір» деп адам баласының өмірін екіге жіктейді. Кейіпкеріміз Венера Ханның өмірі – нағыз өмір.

Қажет АНДАС

КОНФЕРЕНЦИЯ АЯСЫНДА

ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ

Адам баласы көру, есту, сезіну, араласу арқылы көкжиегін кеңейтетіні анық. Біз көп дүниені көзбен көру арқылы жақсы қабылдаймыз. Ғалымдардың зерттеуі бойынша, көзбен көріп, жүрекпен сезінген жағдай адам жадында мәңгі қалады. Осы ұстанымды біздің әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің оқытушылары қатаң ұстанады. Оған таяуда ғана өткен «Шығыстану және руханият мәселелері» тақырыбындағы конференция дәлел.

Қазақстанның белгілі ғалымдары, министрлері, дін қызметкерлері мен жазушыларының қатысуымен елімізде алғаш Шығыстану факультетінің негізін қалаушы, мемлекеттің еңбек сіңірген елшісі, өмірінің соңына дейін Қазақстанның бас мүфтиі қызметін атқарған Әбсәттар қажы Дербісәлінің атындағы сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қоры ашылып, дөрісханаға ғалымның есімі берілді. Бұл шараны ұйымдастырған Шығыстану факультеті екенін ерекше атап өткені-

міз жөн.

Ұлттық ғылым академиясының академигі, шығыстанушы ғалым саналы ғұмырын елдің, қоғамның ынтымағына, оқу-ағарту саласына арнағаны баршаға үлгі екені анық. Арабтану ғылымының негізін салушылардың бірі ретінде өте құнды монографиялар мен еңбектер жазған Әбсәттар қажы Дербісәлінің құнды кітаптары біздің басты байлығымыз.

Конференцияда Нұр-Мүбәрәк университетінің египеттік профессорлары келіп, түрлі тақырыпта баяндама жасады. Қазақ-

станның бүгінгі бас мүфтиі, ҚМДБ төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы, «Кемел адам» кітабының авторы Қайрат Жолдыбайұлы ғалым жайлы құнды деректер айтып, соңына өшпес мұра қалдырған Әбсәттар қажы Дербісәліге қандай құрмет көрсетілсе де аз екенін тілге тиек етті. Мұндай мазмұнды шараның дәл біздің оқу ордамызда өткені, біздің сол шараның бел ортасында жүргеніміз қуантты.

Біз қолымыз босаған уақытта университетіміздегі дәрісханадан кейінгі ұрпаққа арнап ғалым атамиздың жазған құнды деректерін оқып тұрамыз. Менің түсінгенім Әбсәттар қажы Дербісәлі дін мен дәстүрді қатар алып жүруді қатаң назарға алған екен. Асыл дінге ешқашан да қара дақ түсіруге болмайтынын айтып, қасиетті Құраннан мысал келтіріп, жүрекке жылы, тілге жеңіл етіп талай құнды кітап жазып, кейінгі ұрпаққа мұра еткен. Міне, біздің замандастарымыз осы дүниені оқып, көңілге тоқуылары керек деп ойлаймын.

Бұл конференцияның бізге яғни, жас-

тарға берер тағылымы көп болды. Ел үшін еңбек етіп, жастарға түзу жол көрсетіп жүрген ардақты ағалардың ақыл-кеңестерін тыңдап, рухани байып қалдық. Қазіргі жастардың аса қызығушылықпен оқып жатқан Қайрат Жолдыбайұлының «Кемел адам» кітабын қолға алдық. Қазіргі таңда осы кітапты оқып, талқылап, өз ойымызды ортаға салып жатқан жайымыз бар. Қазаққа жанаушы ағалар бізге бағдаршам бола білгені мені қуантады. Халқымыз: «Арбаның алдыңғы дөңгелегі қалай жүрсе, артқы дөңгелегі де солай жүреді» деген. Олай болса, алдыңғы буын ағаларға қарап бой түзеп, солардың салған сара жолымен жүре білейік, замандас.

Камила МУКАНОВА,
4 курс студенті.
Гүлмира ҚАТБАЕВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Қытайтану кафедрасының
аға оқытушысы.